Шифрды ұйымдастырушы толтырады
Шифр заполняется организатором

Қатысушының шешімдерін толтыруға арналған өріс / Поле для заполнения решений участника Парақ / Страница №

„Бесатар" повесіндегі заман бейнесі және қаламгерлік шешім

Бесатар — суық қару. Оны автор „Бесатар" деген атпен повестте Ресей бауыныштарының қазақ халқына көрсеткен езгісіне қатысты байланыстырып қойды. Басты кейіпкерлер арасындағы бір күндік оқиға — сол заман бейнесі мен автордың қаламгерлік шешімін тікелей байланыстырады.

Біріншіден, сол кездегі заман бейнесі өте ауыр болды. Үкіметке қарсы (шыққан) шыққандарды басып жаншыды. Халық ұлтын жақсы көріп, тәуелсіздікті аңсағаны үшін айыпты болды. Сол 1917ж көтерілістер бейнесі повесте басты кейіпкерлердің басынан өткен 1 күндік оқиғамен көрсетілді. Басты кейіпкердің бірі Төрехан — жас жігіт Сәруардың әкесі. Ол өмір көрген адам. Ұзақ уақыт бойы жанын аман алып қалу үшін небір нәрсеге көндігіп келді. Оның әлемі — жас ұлына айтқан сөздері: „Көкжал тірсектеген бөкендей тұрамып қалады"- деген. Бұл сөздері егер Ресей империясына қарсы шықсаң, олардың жемі боласың деген ақыл еді. Ол көкжалды — Ресей империясына, ал бөкенді — қазақ халқына теңеп, ұлына кеңес бере „абайла" дегені. Бірақ, соңында өзінің жан дүниесін қинап, сонша жатқан намыс мен рухы жібермеді. Сөйтіп, баласы екеуі көтеріліс бастаған еді.

Екіншіден, автор сол заман бейнесі арқылы соңында белгілі қаламгерлік шешімге тоқталады. Ол шешімі — тағы да, елдің ішінде болған оқиғаларымен сәйкес келеді. Повес соңында Сәруар қайтыс болады. Сол арқылы автор елдің жасаған бірнеше көтерілісінің нәтижесін көрсетті. Көтеріліс нәтижелері — халықтың соңында жаншылып қалатыны екенін көрсеткен

келді деп ойлаймын. Бұның өзі әділетсіз болып тұрғанымен, қазіргі ұрпаққа құнды тарихи дерек болып қалды. Сол ағынмен повесі заман бейнесімен салыстырыла жазылды. Бұл шешім жеңілістен аяқталса да, автордың осы қаламгерлік шешімі шындыққа ұласа ды көрсетілді. Ал шындыққа ұласқан оқиға (ы) соңында әрдайым әсерлі бір үлкен мағынаны сақтайды.

Сондықтан, „Тасатар" повесіндегі заман бейнесі мен қаламгерлік шешімі тікелей байланысқан. Сонымен қатар елдің тағдырын, өткен тарихты, тарихи оқиғаларды оқырманға толық аша білді. Осының барлығы заман бейнесі мен қаламгерлік шешім арқылы толықтырыла, келешек ұрпаққа үлкен мұра болып қалады.